

ТАҚЫРЫП-1. ҚАРЖЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Мазмұны:

- 1.1 Қаржының мәні мен атқаратын функциялары
- 1.2 Қаржы ресурстары мен қаржы қорлары
- 1.3 Қаржы жүйесі және оны ұйымдастырудың қағдалары

Негізгі ұғымдар:

- Ақша түсінігі
- Ақшаның функциясы
- Ақша айналысы
- Ақша жүйесі
- Қаржы түсінігі
- Қаржы функциясы
- Қаржы ресурстары
- Қаржы қорлары
- Қаржы жүйесі

Мақсаты: қаржының мәні мен функцияларын, олардың ұдайы өндіріс процесіндегі рөлін теориялық негіздеу; қаржы жүйесінің мазмұны мен құрамын ашу; қаржылық, фискалдық және ақша-несие саясаты контекстінде қаржылық менеджмент негіздерін оқу;

1.1 Қаржының мәні мен атқаратын функциялары

Материалдық игіліктерді игеру, олардың үздіксізділігін қамтамасыз ету яғни ұлғалмалы ұдайы өндіріс үрдістерінің жүзеге асырылуы ақшалай түрдегі құн қозғалысынсыз мүмкін емес. Ақша айналымының негізінде қаржы немесе ақша сомасының бір адамнан екінші адамға өту үрдісі жүзеге асады. Бұл ерекше үрдіс нәтижесінде «қаржы» термині қалыптасты. «Қаржы» термині латынның «finantia» деген сөзінен, мағанасы –«аяқтау», «табысқа жету», «қолма қол ақша» деген ұғымдарды білдіреді, яғни төлемді аяқтау, төлену деген мағыны береді. Кейінірек бұл термин француздың «finance» сөзінен шыққан түрінде беріліп, кең мағынада ақшалай төлемдер мен мемлекеттің табыстарының, қаржы ресурстары мен қорларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық санаттың (категория) бірі болып табылады.

Қаржы терминін күнделікті қолданысқа енгізген авторды атау қиын. Бұл терминнің авторлығын 1577 жылы «Республика туралы алты кітап» (Шесть книг о государстве) деген жұмысын бастырып шығарған француз ғалымы Жан Боденді айтуға болады.

Қаржының пайда болуының бастапқы шарты - ақша қатынастарымен ортақтастырылған тауар өндірісі болып есептеледі. Ал тауар өндірісінің негізі - тауар өндірушілердің экономикалық оқшауланушылығын шарттастыратын қоғамдық еңбек бөлінісі болып табылады. Олардың әрқайсысы өндірістің материалдық заттай факторларының айырмашылығы, олардың әр түрлі деңгейі жағдайында өнім жасайды, ал сол себепті тіпті ұқсас тауарлар нақтылы және затталынған еңбектің әр түрлі шығындарымен өндіріледі.

Қоғамдық өнімнің нақтылы іске асырылуының екі нысанының болуы қоғамдық өндірістің әрбір қатысушыларының қажеттіліктеріне сәйкес оны түпкілікті тұтынуға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үшін құндық категориялар - **ақша, баға, қаржы, еңбекақы, кредит және басқалары** пайдаланылады.

Қаржы — ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі, мемлекеттің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатының құралуы, бөлінуі, қайта бөлінуі, пайдаланылуы үдерісін сипаттайтын іргелі, қорытындылаушы экономикалық санат (категория). Осы

үдеріс барысында туындайтын ақша қатынасы; ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты мемлекет, кәсіпорындар мен ұйымдар, салалар, аймақтар, жекелеген азаматтар арасында пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. **Ақша**—бұл ең алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпыға ортақ балама, ал **қаржы** — жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің және қайта бөлудің экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруге, бөлуге және тұтынуға ықпал жасайды және объективті сипатта болады.

Қаржы — бұл шаруашылық, жүргізуші субъектілерде және мемлекетте ақшалай табыстар мен қорланымдарды қалыптастырумен, сонымен бірге оларды удайы ұлғаймалы өндіріске, қоғамның әлеуметтік және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты жалпы қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайда болатын ақша қатынастары.

Қаржының мәні ақша нысанындағы құн қозғалысынан туындайды. Мұндай қозғалыстың шарты *тауар-ақша қатынастарының болуы және экономикалық, заңдардық іс-әрекеті* болып табылады.

Қаржының қажеттігі объективті мән-жайдан — *тауар-ақша қатынастарының болуынан және қоғамдық дамудың қажеттіліктерінен туындайды*. Қаржының басты арналымы — табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалуына бақылау жасау. Қоғамдық қажеттіліктердің дамуы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарамағында жасалатын ақша (қаржы) ресурстарының құрамы мен құрылымының өзгеруіне жеткізеді

1.1.1 Қаржылардың қалыптасуы мен дамуы.

Орталық Европадағы алғашқы буржуазиялық төңкерістің нәтижесінде мемлекет басшысының қазынадан айыру үрдісі орын алды. Осының нәтижесінде жалпы мемлекеттік ақша қорлары – бюджет қалыптасты. Мемлекеттік бюджеттік қалыптасуы мен дамуы жүйелі сипатта орын алып, мемлекеттік кірістер мен шығыстардың жүйесі қалыптасты. Мемлекеттің кірістері заттай түрдегі еңбек өнімдерінен емес, ақшалай нысандағы салықтардан құрала бастады.

Қаржы бұл тарихи санатты сипаттайды. Олар мемлекеттің қалыптасуынан бастап, қоғамда сыныптарға бөліну қалыптасқан уақыттан бері орын алып келеді. Капиталистік құрылымға дейін мемлекеттің қажеттілігінің басым бөлігі натуралды түрде жинақтар мен алымдардың әр түрін бекіту арқылы қанағаттандырылды. Тауар-ақша қатынастары жалпы қоғамдық сипатта болған капитализм жағдайында қаржы - ұлттық табысты бөлістіру, ақша қаражаттарының қорларын қалыптастыру мен бөлістірумен байланысты экономикалық қатынастарды сипаттайды. Қаржылық қатынастар XX ғасырда Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін кең дами бастады. Барлық мемлекеттерде ұлттық табыстың көп бөлігін мемлекет иелігінде пайдалану жүзеге асырылды. Ақшалай қаражаттардың ірі көлемін иелене отырып, мемлекет ұлғаймалы ұдайы өндіріс үрдісіне өз әсерін тигізе бастады. Осы уақытта әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың қаржысы кең ауқымда дами түсті. Дамыған шет мемлекеттерде ұйымның акционерлік қоғам нысанындағы түрі кең етек жайды. Оған акцияны шығарудың капиталды жинақтаудың түрі ретінде қолданылуы өз әсерін тигізді.

Қаржының дамуын екі негізгі кезеңге бөліп көрсетуге болады:

1 кезең – Қаржының жетілмеген нысаны. Капиталистік құрылымға дейін мемлекеттің қажеттілігінің басым бөлігі натуралды түрде жинақтар мен алымдардың әр түрін бекіту арқылы қанағаттандырылды. Қаржылар өндірістен тыс сипатта орын алды. Осы кезеңде шығындар негізінен тек қорғаныс саласына жұмсалынды

2 кезең – Қаржының жетілген нысаны. Тауар-ақша қатынастары жалпы қоғамдық сипатта болған капитализм жағдайында қаржы- ұлттық табысты бөлістіру, ақша қаражаттарының қорларын қалыптастыру мен бөлістірумен байланысты экономикалық қатынастарды сипаттайды.

1.1.2 Қаржының функциялары және ролі

Қаржының мәні оларды функцияларында айқын байқалады. Функция дегеніміздің өзі қаржының атқаратын жұмысы. Бүгінгі таңда шет елдерде қаржылардың функцияларының саны мен мазмұны бойынша көптеген пікірлер туындауда.

Қаржының мәні, іс-әрекет ететін механизмі және ролі оның функцияларынан айқын көрінеді. Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен қажеттігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларын анықтауды да талап етеді.

Қазіргі уақытта қаржы **екі функция** орындалады: **бөлу және бақылау**.

Бөлгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының ең алдымен бөлгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тап осы функция арқылы қаржының қоғамдық арналымы - шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны (оның ақша нысанында), сонымен бірге ақша нысанында тұлғаланатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының бөлгіштік функциясының іс-әрекетінің *объектілері* болып табылады.

Қарамағында мақсатты арналымның қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын заңды және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық бөлуде *субъектілер* болып келеді.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі — ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді.

Қаржының бөлгіштік функциясының іс-әрекеті оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қамтамасыз етуден; табыстар мен қорланымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Қоғамдық өнімді бөлу алғашқы және кейінгі, немесе қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру (өтеу) қоры (материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар) шығарып тасталады және жаңадан жасалған құн - ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік сфераның (шаруашылық жүргізуші субъектілердің) және халықтың алғашқы табыстары қалыптасады, олар бөлудің және қайта бөлудің күрделі процестеріне ұшырайды, бұл процестерде маңызды рөлді қаржы атқарады.

Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және баға сияқты экономикалық категорияларымен тығыз байланыста дамиды.

Қайта бөлу салалық, сондай-ақ аумақтық тұрғыдағы шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді мүшелеудің сан алуан процесін қамтиды. ұлттық табыс қорлану қоры мен тұтыну қорына ие болады. *Бірінші жағдайда* қаражаттар өндірісті кеңейту үшін немесе материалдық сфера капиталынан, елеуметтік инфрақұрылымның өндірістік емес қорларынан болатын өндірістік қорлардың (капиталдың) өсімі үшін, резервтер мен сақтық қорларын жасау үшін пайдаланылады. *Тұтыну қорын* бүкіл халықтың оның ұдайы толықтырылуы үшін пайдаланылатын түпкілікті табыстарын, өлеуметтік сфераның мекемелерін ұстауға, ғылымға, мәдениетке, басқаруға, елдің қорғанысына арналған ресурстар құрайды.

Қаржы көмегімен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу екі әдіспен жүзеге асырылады:

қаржылық - бюджеттік әдіс. Ол бюджетке табыстарды алғанда және бюджеттен қаражаттарды қайтарусыз тәртіппен бергенде қолданылады;

несиелік - банктік әдіс. Ол уақытша бос қаржы ресурстарын жұмылдыруды және қайтарымдылық негізде кредиттер беруді білдіреді.

Коммерциялық есеп пен маркетинг операцияларын жүзеге асыруға байланысты болатын қаржының *бақылау функциясын* барлық ғылыми тұжырымдамалардың өкілдері мойындайды. Қаржының бұл функциясы экономикалық категория ретіндегі қаржыға тән қасиет және қаржының не бірінші, не екінші функциясымен бір мезгілде жүзеге асады. Бақылау функциясы мазмұнының нақтылы көрінісі мемлекеттің қаржы саясатын жүргізетін қаржы органдары қызметінің барысында іске асады.

Бақылау функциясы *қаржылық, бақылауда* — жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді.

Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың нысаны қаржылық көрсеткіштерді білдіретін *қаржы аппараты* болып табылады. Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасы қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырады.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынадай түрлерін ажыратады:

қаржылық-шаруашылық бақылау. Оны фирмалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, министрліктер мен ведомстволардың қаржы органдары ақша қорларын бөлу жолымен жүргізеді.

қаржылық-бюджеттік бақылау. Ол кәсіпорындар табысының (пайдасының) бір бөлігін мемлекеттік бюджетке алу арқылы, сондай-ақ кәсіпорындар мен құрылыстарды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

кредиттік-банктік бақылау. Ол фирмалар мен кәсіпорындарды несиелеу арқылы жүргізіледі.

1.1.3 Қаржының басқа экономикалық категориялармен өзара байланысы

Қоғамдық өнімді бөлу процесі өте күрделі, мұның барысында өндірісте жасалған құн шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында, ал олардың әрқайсысында мақсатты арналым бойынша бөлінеді. Қаржы құндық бөлу процесіне қатыса отырып, баға, жалақы, кредит сияқты категориялармен өзара тығыз байланыста болады және өзара іс-қимыл

жасайды.

Баға - жұртқа мәлім, тауар құнының ақшалай тұлғалануы. Ол еңбек өнімінің натуралдық-заттай нысанынан ақша нысанына көшуін және сатып алу-сату актілерінің негізінде оның бір иеден басқасына қозғалысын ортақтастыра отырып құндық бөліністің бастапқы категориясы ретінде көрінеді.

Қаржы еңбекке ақы төлеумен тығыз байланысты. Бағаның ізінше қаржылық белудің ішінде жалақы жұмыс істей бастайды. Қаржы жалақы қоры мен еңбекке ақы телеудің басқа қорларының оқшаулануы үшін жағдайлар жасайды.

Еңбекке ақы төлеу тұтыну стадиясында, яғни тауарлар мен қызметтерге ақы түлеу арқылы пайдаланылады. Бір мезгілде оның белгілі бір бөлігі қаржылық әдістермен халықтың салықтарды, сақтандыру жөніндегі жарналарды төлеуі түрінде; несиелік әдіспен — банктерге салынған салымдар, мемлекеттік қарыздардың облигациялары түрінде; акцияларды және басқа бағалы қағаздарды сатып алу, лотереялар өткізу жолымен жұмылдырылады.

Жалақы көмегімен v толық және m ішінара белінеді. Қаржының көмегімен қорлардың жиынтығы, ал жалақының көмегімен жалақы қоры мен сыйлықақы қоры қалыптасады. Олар еңбекке ақы төлеу қорын құрайды. Жалақы — салық төлеудің негізі. Жалақының көзі қаржы ресурстары болып табылады, ал жалақы қоры оны үнемдеу кезінде өзі қаржы ресурстарының көзі бола бастайды.

Қоғамдық өнім құнын белуге *кредит те* қатысады. Әрі қайта бөлгіштік процестер кредит қатынастарының сферасына жатады. Қаржы сияқты кредит қатынастарында да шаруашылық жүргізуші субъектілерді, халықты, мемлекетті ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелендіру мақсаттары үшін несиелік деп аталатын ақша қорлары қалыптасып, пайдаланылады.

Кредиттің көмегімен қаржы ресурстары шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың (үй шаруашылығының) арасында қайта бөлінеді. Қаржы мен кредиттің арасында көптеген ортақ белгілер бар, бірақ негізгі бөлгі өндірістік қорлардың (капиталдардың) толық айналымында екі категорияны кеңінен пайдалану болып табылады.

1.2 Қаржы ресурстары мен қаржы қорлары

Қаржы ғылымы қаржыны тек экономикалық санат (категория), яғни өндірістік қатынастардың жиынтығы ретінде ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге мақсатты ақшалай қорлар түріндегі олардың материалдық іске асуын баса көрсетеді. Бұл қорлар қаржылық қатынастардың тұрақты иелері болып келеді. Олардың қалыптасу көздері және қорлардың өздері ұлттық шаруашылықтың тиісті буындарының қаржылық ресурстары болып табылады.

Қаржы ресурстары ұдайы өндірістің және мемлекеттің шығындарын жабу үшін қажет. Демек, қаржы ресурстары — бұл жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты өндіру, бөлу және қайта бөлу үрдісінде жасалынатын экономикалық субъектілердің және мемлекеттің қаржылық әдістердің көмегімен құратын ақшалай қорланымдарымен ақшалай қорлары.

Қаржы ресурстарында негізгі құндық элементтері: таза табыс (пайда), қосылған құнға салығы, акциздер, кедендік төлемдер, әлеуметтік мұқтаждарға төленетін жарналар, қоғамдық мүдделерге және

амортизациялық аударымдар алады.

Қаржы ресурстарының қаржы қорларынан айырмашылығы бар.

Қаржы қорлары (қорланым, босалқы қор) — қаржылық әдіспен қалыптастырылған, белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланылатын мақсатты ақша қаражаттары, ал **қаржы ресурстары** болса, ол мемлекеттің (оның органдары арқылы) және шаруашылық жүргізуші субъектілердің табыстары мен түсімдері.

Біріншіден, қаржы ресурстары деп ақша қаражаттарының кездерін, шаруашылық органның немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің мұндай қаражаттарды жасау мүмкіндіктерін түсінеді.

Екіншіден, қаржы ресурстары — бұл қорлардағы, яғни ақша қаражаттарының мақсатты босалқы қорларындағы "байланған" қаражаттар, сондай-ақ әлі мақсатты белгілі бір бағыттылығы жоқ қорлар бойынша қалыптаспаған ақша қаражаттары.

"Қаржы ресурстары" ұғымындағы оның екі жағын ажырата білген жөн.

1. Шаруашылық жүргізу практикасында "қаржы ресурстарының" ұғымы деп мемлекеттің, кәсіпорындардың қарамағындағы белгілі бір кезеңдегі барлық ақша кірістері мен қорланымдардың жиынтығын, яғни ақша қорларын, кредит ресурстарын, ақша резервтерін айтады. Сол секілді мемлекеттік бюджетте шоғырланған кірістер, қорланымдардың алғашқы және қайта болудің нәтижесі болып табылатындығына қарамастан мемлекеттің әрбір нақты күндегі қаржылық ресурстары болып саналады.

2. Егер жиынтық өнімнің $(c+v+m)$ материалдық-заттай және құндық құрылымына, оның белінісіне және бұл процестегі орнына сүйенсек, онда қаржы ресурстарының ұғымы басқаша көрінеді.

Қаржы ресурстарының көздері қоғамдық өнім құнының барлық үш элементі: " c ", " v ", " m ", болып табылады (1.1 сызбаны қараңыз), бірақ олардың әрқайсысының қатысу дәрежесі әртүрлі. Мысалы, өндірісті кеңейту үшін, " C " элементін көбейту үшін қосымша ресурстар тарту керек. " V " элементі қызметкерлердің жеке (меншікті) табысы, әдеттегідей жалақысы бола отырып, қаржы ресурстарының көзі ретінде үш бағытта көрінеді: салықтар (еңбекақыдан төленетін); сақтық төлемдері (сыйақылар); басқадай төлемдер (ерікті жарналар, арнаулы қорларға аударылатын жарналар және т.б сияқты). " m " элементі табыс (пайда), өнімдер мен импортқа салынатын салықтар нысанындағы қосымша өнім қаржы ресурстарының негізгі көзі болып табылады.

1.1-кесте. Қаржылық ресурстардың құрамы

ЖАЛПЫ ҚОҒАМДЫҚ ӨНІМ				
С			V	m
Материалдық шығындар			Қажетті өнім	Қосымша өнім
ӨЗІНДІК ҚҰН (ШЫҒЫНДАР)				
Амортизац иялық аударымда р	Айналым қаражаттар ы	Материа лдық шығында р құрамын дағы төлемдер	Ұлттық табыс	
			Әлеуметтік қорларға аударылатын аударымдар (әлеуметтік салық)	Таза табыс (пайда)
			Халықтан алынатын салықтар	Жанама салықтар (ҚҚС, акциздар, басқалары)
			Қарыздар	
			Ерікті жарналар	
Табиғат ресурстары үшін төлемдер				Сыртқы

Баждар, лицензиялар үшін төлемдер, тіркеу алымдары	экономикалық қызметтен түсетін түсімдер
Табиғатты қорғау қорларына төленетін төлемдер	
	Мемлекеттік мүлікті сатудан (жекешелендіруден) түскен түсімдер
	Сыртқы көздерден түсетін түсімдер (инвестициялар, қарыздар, трансферттер, гранттар)

Қаржы ресурстары орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып бөлінеді.

Орталықтандырылған қаржы ресурстары бюджет және макродеңгейдегі ұдайы өндірістің қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Ұлттық шаруашылықты қаржыландырудың мынадай бюджеттік әдістері болады:

1. Мемлекеттік күрделі жұмсалымдар (бұл әдіс экономиканы жандандыру, өндірістің жаңа салаларын жасау үшін пайдаланылады);

2. Мемлекеттік көтере сатып алу (оның көмегімен жиынтық сұраным белгіленеді, мемлекет тауарлардың уақтылы өтуіне мүмкіндік туғызады);

3. Субсидиялар (өтеусіз берілетін қаражаттар). Олардың мынадай түрлері болады: демеуқаржы (залалдарды, берешектерді, мысалы, жалақы жөніндегі, жабуға пайдаланылатын субсидиялардың түрі); субвенциялар (мақсаты шығындарға жұмсалатын субсидиялардың түрі); экспорттық сыйлықтар (экспортталатын тауардың бағасын төмендету үшін пайдаланылатын субсидиялардың түрі). Мемлекет тарапынан болатын жеңілдікті несиелендіру.

Орталықтандырылмаған қаржы ресурстары шаруашылық жүргізуші субъектілерде қалыптасады және өндірісті кеңейтуге, кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланылады.

Қаржы ресурстарын босатып алудың мынадай жағдайлары болады: айналым қаражаттарының айналымдылығын тездету; өндірісті қысқарту; тауар-материалдық құндылықтардың босалқы қорларын қысқарту; материал сиымдылығын қысқарту; меншікті қаражаттарды қарыз қаражаттарымен ауыстыру.

Мемлекеттің қаржылық ресурстары көлемінің динамикасы мен құрылымының үрдістері рыноктық қатынастарға көшу бағдарламаларын жүзеге асырудың нәтижесінде қоғамдық өндірістің тиімділігін айтарлықтай арттыру қаржылық ресурстарды қалыптастырудың қарқынын тездетуге және өсуге интенсивті факторлармен шарттастырылған көздердің үлес салмағын көбейту бағытындағы олардың құрылымын жақсартуға жеткізетіндігін дәлелдейді.

1.3 Қаржы жүйесі және оны ұйымдастырудың қағидалары.

"Қаржы жүйесінің" ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады. тиісті ақшалай қорлар құрылып, пайдаланылатын қатынастардың, сонымен бірге бұл қатынастарды ұйымдастыратын органдардың жиынтығын айтады.

Сонымен бірге жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі бұл қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан —

ол мемлекетте іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы.

Өзінің тарихи дамуында **қаржы жүйесі** ұзақ эволюциядан өтті. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі, жалпыға мәлім, әдетте, тек бір ғана буынмен мемлекеттік бюджетпен шектелді. Классикалық капитализм жағдайында батыстың көптеген өркениетті елдерінің, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның қаржы жүйесін екі негізгі буын — мемлекеттік бюджет пен жергілікті қаржылар құрады. Олар ақша қорларын қалыптастыруға мүмкіндік берді, бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырды.

Қаржы жүйесі мынадай үш бөліктен тұрады:

- 1) қаржы қатынастарының жиынтығы;
- 2) ақша қорларының жиынтығы;
- 3) басқарудың қаржы аппараты.

Қаржы қатынастары - ақша қорларының қозғалысына байланысты мемлекет, шаруашылық жүргізуші субъектілер, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасында пайда болатын экономикалық, ақша қатынастарының жиынтығын құрайды.

Қаржылық қатынастар негізінен мына екі сфераны қамтиды:

1) мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын қалыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақша қатынастары;

2) кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақша қорларының толық айналымын ортақтастыратын экономикалық ақша қатынастары.

Ақша қорлары - қаржы қатынастарының буындарына тән болып келетін тиісті орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаржы жүйесін айтады.

Басқарудың қаржы аппараты – қаржыны басқарудың мемлекеттік және қоғамдық аппараттарының жүйесі – басқарушы субъект болып келеді, ал қаржылық қатынастардың нысандары мен ақшалай қорлары басқарылатын материалдық объектісін құрайды. Қаржылық қызметті ұйымдастыру мен жоспарлау үдерісіндегі экономикалық және бақылау жұмысымен, қаржылық қатынастар буындарының байланысын жетілдірумен айналысатын қаржылық аппарат қаржы жүйесінің басқа бөліктерімен тығыз ұштасып жатады.

1.2-кесте. Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ					
ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ			ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҚАРЖЫСЫ (ШЖС)		ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРЖЫСЫ
Мемлекеттік бюджет	Мемлекеттік кредит	Бюджеттен тыс қорлар	Материалдық өндіріс сферасының қаржысы	Қызмет көрсету сферасының қаржысы	

Республикалық бюджет	Жергілікті бюджеттер: облыстардың бюджеттері, қалалық, аудандық бюджеттер	Мемлекеттік борыш (ішкі, сыртқы)	Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры, Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры, Ұлттық әл-ауқат қоры, Ұлттық инновациялық қор, ҚР		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің, көлік, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ғылым мен ғылыми қызмет көрсету және т.б.	
Орталықтандырылған қаржылар				Орталықтандырылмаған қаржылар		

Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы элемент жүйесінің басқа элементтерінің арасында алдыңғы орынды алады, өйткені жүйе элементтері мен буындарының өзара байланысындағы оның рөлі айқындаушы болып табылады.

Қаржылық қатынастардың сфералары мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің біртұтас қаржы жүйесінің құрамын айтады.

Бүгінде Қазақстан Республикасының макро және микроэкономиканың қаржы жүйесінің құрамы қаржы қаты-настарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады:

- мемлекеттің бюджет жүйесі;
- арнаулы бюджеттен тыс қорлар;
- мемлекеттік кредит;
- жергілікті қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- халықтың (үй шаруашылығының) қаржысы.

Қаржы қатынастарының алғашқы үш бөлігі: жалпымемлекеттік, яғни орталықтандырылған қаржыларға жатады және макродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік қатынастарды реттеу үшін пайдаланылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы орталықтандырылмаған қаржыларға жатады және микродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік реттеу және ынталандыру үшін пайдаланылады.

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидалары қойылған:

Қаржы жүйесін ұйымдастыруда централизм мен демокротизмнің үйлесу қағидаты. Мемлекеттік қаржы органдары тарапынан болатын орталықтандырылған басшылықпен бір мезгілде жергілікті қаржы органдарына және шаруашылық жүргізуші субъектілерге кең құқық пен дербестік берілген. Бұл қағида жергілікті қаржы органдарының тиісті жергілікті әкімшілікке және жоғары қаржы органдарына екі жақты бағынышты жүйесін алдын ала айқындалады.

Ұлттық және аймақтық мүдделерді сақтау қағидаты. Аймақтарды дамытудың әлеуметтік жағынан қабылдауға болатын деңгейі сияқты бұл қағиданың талаптары қаржы қатынастарында ұлттық теңдікті қамтамасыз етуге шақырады. Қаржы жүйесінің құрудағы оның көрінісі мемлекеттік қаржы органдары құрылымның ұлттық мемлекеттік және әкімшілік аймақтық құрылымына сай келеді.

Қаржы жүйесі бірлігінің қағидалары. Орталық қаржы органдары арқылы мемлекеттің жүргізіп отырған бірыңғай мақсаттары мен алдын ала айқындалып отырады. Қаржының барлық буындарын басқару бірыңғай негізгі заңнамалық және нормативтік актілерге негізделеді. Қаржы

жүйесінің бірлігі қаржы ресурстарының басты көздерінің ортақтастығында, олардың қозғалысының өз ара байланыстығында, қажетті қаржылық көмек көрсету үшін қаражаттарды аймақтар, салалар арасында қайта бөлуде болып отырады.

Қаржы жүйесінің жеке құрамды элементтерінің функциялдық арналымының қағидасы. Қаржының әр буыны өз міндеттерін шешіп отыратындығынан көрінеді. Оған айрықша қаржы аппараты сәйкес келеді. Мемлекеттік бюджеттің ресурстарын құрып, пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды республиканың Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Қазіргі кезде қаржы жүйесі терең өзгерістерге ұшырап, қайта құрылуда. Қаржы жүйесін қайта құрудың басты міндеті оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандырып, одан ары тездетуге қаржы жүйесінің ықпал етуін күшейту, жинақтық ұлттық табыстың, қаржылық ресурстардың үздіксіз өсуін қамтамасыз ету, қоғамдық өндірістің барлық буындарында шаруашылық коммерциялық есептерді нығайту болып табылады.

Талқылауға арналған сұрақтары

1. Ақшаның пайда болу себебі неде?
2. Ақша дегеніміз не?
3. Қағаз ақшалардың шығуына не себеп болды?
4. Ақшаның атқаратын функцияларын атаңыз?
5. Ақша айналысы дегеніміз не?
6. Қаржы дегеніміз не?
7. Қаржының атқаратын функциялары?
8. Қаржы жүйесі дегеніміз не?
9. Қаржы жүйесінің сфералары?
10. Қаржы ресурстары мен қаржы қорлары

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болганбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы І, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.